





**Автор:** Бозбаева Гульмира Сериковна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Адами құндылықтар  
**Тақырып:** 27-сабақ. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.7.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
Сабақтың мақсаты:	құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою
Тілдік мақсаттар:	- сөйлемдердің қайсысы жай сөйлем, қайсысы құрмалас сөйлем екенін ажыратып айтады;
Күтілетін нәтиже:	- Құрмалас сөйлемнің тыныс белгісін қою біледі. Құрмалас сөйлем екенін дәлелдей алады.
Бағалау критерийлері:	- Құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемге айналдырып, оларды өзара салыстыра алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өз іс-әрекетін жоспарлауға, уақытты тиімді пайдалану
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	әдебиеттік оқу
Бастапқы білім:	Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	<b>Грамматикалық ширату:</b> Жай сөйлем болса 1 рет, құрмалас сөйлем болса 2 рет қол соғу. Өткенді бекіту <b>«Сұрақ ілмегі»</b> әдісі бойынша алдыңғы білімді пысықтау. (сабақтың мақсатын хабарлау) Құрмалас сөйлемге видео <b>(ай-мектеп)</b>	интерактивті тақта
Сабақтың ортасы (24 мин)	<b>Жүппен жұмыс</b> Жұлдызшалар беріледі. 62-жаттығу. Мақал-мәтелдерді толықтырып, олардың құрмалас сөйлем екенін дәлелде. <b>Жеке жұмыс</b> 59-жаттығу. Сөйлемдердің тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жаз. <b>Топпен жұмыс</b> <b>I топ</b> Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап. <b>II топ</b> Құрмалас сөйлемді жай сөйлемге айналдырып жаз. Оларды өзара салыстырып, айтып бер. <b>III топ</b> Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Жай сөйлемнің баяндауышын тап. <b>IV топ</b> Суретпен жұмыс. Бір құрмалас сөйлем құрап жаз. Сөйлемнің баяндауышын тап. <b>V топ</b> Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемнің арасына қандай тыныс белгісін қойдың? Бұл қай ертегіден алынған үзінді екенін айт. <b>VI топ</b> Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдердің арасына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз. Ертегіні одан әрі жалғастырып айт.	Жұлдызша, дәптер, оқулық

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Жеке жұмыс 60-жаттығу. Жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдырып жаз.</p> <p><b>«Аяқталмаған тезис»</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бір ғана тиянақты ойды білдіретін..... деп аталады.</li> <li>2. Екі немесе одан да көп..... деп аталады?</li> <li>3. Жапалақтап қар жауды. Бұл..... сөйлем.</li> <li>4. Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. Бұл.....сөйлем.</li> </ol>	
Рефлексия (3 мин)	<p>Егер оқушыға бәрі түсінікті болса, <b>леп белгісін көрсетеді(!)</b>- сабақты өте жақсы түсіндім. Егер жартылай түсінікті болса, <b>нүктені көрсетеді (.)</b> – сабақты түсіндім, әлі де толықтырулар керек.</p> <p>Сабақ түсініксіз болса, <b>сұрақ белгісін көрсетеді (?)</b> – маған көмек қажет деп түрлі стикерлермен өздеріңнің түсінгендерің жайлы ойларыңды білдіріп, бағалаңдар.</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>Image not found or type unknown</p> 	Стикер (леп белгісі, сұрақ белгісі, нүкте)